



БЕКІТЕМІН

«Қуаныш» мектеп-бөбекжай»

Кешенінің директоры

С.С. Хамзина Хамзина С.С.

«01» сентября 2023жыл

**«ҚУАНЫШ» МЕКТЕП-БӨБЕКЖАЙ» КЕШЕНІНІҢ»
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

2023 ЖЫЛ

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының тақырыбы:

«Бастауыш буын оқушыларының бойына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіруде тиімді тәсілдерді қолдану»

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
- Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

<p>Ұлттық мүдде құндылығы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу; 	<p>Ар-ұят құндылығы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Академиялық адалдық қағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. 	<p>Талап құндылығы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орната білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.
<p>Күтілетін нәтижесі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл ○ Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді ○ Елінің тарихын құрметтейді ○ Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді ○ Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары 	<p>Күтілетін нәтижесі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; ○ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; ○ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; ○ Достарын, сыныптастарын сыйлайды; ○ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді. 	<p>Күтілетін нәтижесі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ Жан мен тән тазалығын сақтайды; ○ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; ○ Қоршаған орта тазалығын сақтайды; ○ Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; ○ Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында негізге алынатын нормативтік-құқытық құжаттар:

1. БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
3. Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
4. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>
5. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
6. Қазақстан Республикасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы Заңы https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000214_z090214.htm
7. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>;
8. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы Жарлығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384>
9. Қазақстан Республикасының «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169>
10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспары

Тәрбие жұмысы сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар, жобалар және ата-аналар жиынылысы барысында жүзеге асырылады.

Сынып сағаттары аптасына 1 рет (дүйсенбі күні) жоспарға сәйкес өткізіледі.

Ата-аналар жиналысы жылына 5 рет жоспарға сәйкес (қыркүйек, қараша, желтоқсан, наурыз, мамыр) өткізіледі.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асыралтын жобалар:

1. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы

Адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насихаттау мақсатында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы жүзеге асырылады.

Жоба еңбек адамының мәртебесін көтеруге, еңбек культін дәріптеуге бағытталады. Жоба шеберінде білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауға қолдау көрсетуді, өз міндетін адал және жауапкершілікпен атқаруға баулуды және еңбек адамын құрметтеуге үйретуді көздейді.

А) Еңбек тәрбиесі және кәсіби өзін-өзі анықтау;

Ә) Бастамашылдық пен кәсіпкерлікке баулу

Б) Әлеуметтік жауапкершілік

В) Өзін-өзі дамыту мәдениетін насихаттау.

Г) Ата-аналар мен қоғамды тарту

Жалпы,

«Еңбегі адал жас өрен»

жобасы жекетұлғаны жан-жақты дамыту,

еңбектің маңыздылығын мойындау және жастардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру үшін жағдай жасау міндеттейді.

Жобаны жүзеге асыру үшін білім алушыларға өзін тұратына уылдағы, қаладағы табысты еңбек азаматтарымен бірлескен шеберлік сағаттарын, кол өнершілер фестивалдерін, кәсіптік бағдар берудің ғылыми жобаларын, конкурстарын және өңірдегі өндірісті қорындар мен кәсіпорындарда тәжірибе аландарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету қажет.

2. «Ұрпаққа аманат» жобасы

Мемлекетшілдік пен отаншылдық идеясын кеңінен насихаттау мақсатында «Ұрпаққа аманат» жобасы жүзеге асырылады.

«Ұрпаққа аманат» жобасы балалар мен жасөспірімдерді туған жер, атамекен, Отан деген қасиетті ұғымдармен сабақтастыру маңызды. Атамекен – бұл ата қоныс. Атамекенін, туып, өскен елін, жерін жан-тәнімен сақтау, ата-бабадан қалған атамекен жерімізге иелік ету, ұрпаққа аманат екенін түсіндіру.

Көшпенділер өркениетінің брендингі – ұлттық тәрбиенің басты құралына айналуы тиіс. Ол ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт сапасын арттыратын және тарихи сананы жаңғыртатын басты факторлардың бірі. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, өнері, күйлері, жырлары, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – ұлттың болмысын, психологиялық өзіндік ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан көшпенділер өркениетін брендингілеу маңызды.

Табиғатпен үйлесімділік, әр қадам, әр шешім қоршаған әлеммен өзара әрекеттесуге негізделген. Бұл тәрбие жұмысын ұйымдастыруда білім алушыларды табиғатпен етене жақын етіп тәрбиелеуге бағытталуы қажеттігін көрсетеді. Демек, білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобалардың көптеген түрлерін қолданысқа енгізуді қолға алуға керектігін көрсетеді. Мысалы: «Таза аула», «Жасыл мектеп», «Эковолонтерлер», «Экологиялық мониторинг», «Экологиялық туризм», «Үнемді тұтыну», «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла», «Мектептегі энергияны үнемдеу», «Судың да сұрауы бар», т.б.

Білім беру ұйымдарында көшпенділер өркениетін брендингілеуді іске асыру тетіктері:

- «Тарих беттерінен», «Менің өлкемде көшпенділер мәдениетін қалған із», «Көшпенділер өркениетінің мұрагерлері» және т.б. іс-шаралар ұйымдастыру;
- Бұл жоба көшпелі халықтардың тарихын, олардың мәдениеті мен өмір салтын зерттеуді және қазіргі заман талабына сай қалай жаңғыртуды дәріптейтін идеяларды жүзеге асыруға қолдау көрсетеді. Жоба шеңберінде ұлттық болмысымызға тән қасиеттерді, игі істерді балалар мен жасөспірімдер ортасында танымал әлеуметтік желілер арқылы ұлттың рухын және ата-бабадан қалған мирастарды заман талабына сай жаңғыртуды насихаттау;
- Туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын танитын, дәстүрді білетін, оны сақтайтын, ұлттық мәдениетін меңгерген және оны болашаққа дәріптейтін тұлға қалыптасуына ықпал ететін «Ұрпаққа аманат» жобасы шеңберінде көшпелі өркениетпен байланысты мұражайларға, тарихи орындарға баруды ұйымдастыру.

3. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық пен мемлекеттілікке ерте тәрбиелеу мақсатында жүзеге асырылады.

Жоба шеңберінде «Жеке қауіпсіздік», «Буллингке қарсы тұру мәдениеті» шараларымен қатар келесі мәселелерге назар аудару қажет:

А) Елінің тарихы мен дәстүрлеріне құрмет: Елдің мәдени мұрасын, тарихи оқиғалары мен жетістіктерін зерттеу және құрметтеу. Ата-бабамыздың ұлт дамуына қосқан үлесін бағалау.

Ә) Заңдарды сақтау және басқалардың құқықтарын құрметтеу: Ата Заңды, елінің, білім беру ұйымының заңдары мен кодексін білу, оларды сақтау және өз құқықтары мен айналасындағылардың құқықтарын қорғауды үйрену.

Б) Әлеуметтік және қоғамдық өмірге қатысу: азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал ететін мектеп және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысу; адамдарға деген құрмет көрсету, өзгелердің сөзін бөлмеу, мазақтудан, қорлаудан және дөрекіліктен аулақ болу.

В) Табиғи ресурстар мен мәдени мұраға ұқыпты қарау: Табиғи және мәдени ресурстардың елдің болашағы үшін маңыздылығын түсіну және оларды сақтау үшін қолдан келгеннің бәрін жасау.

Г) Құқық және азаматтық саласындағы өзін-өзі тәрбиелеу: Өзекті мәселелер мен оқиғалардан хабардар болу үшін құқық, тарих және мәдениет туралы материалдарды үнемі таныс болу, оқып отыру.

Д) Құрдастар арасында патриоттық құндылықтарды насихаттау: өз білімдері мен сенімдерін достарымен және сыныптастарымен бөлісу, оларды азаматтық өмірге белсенді қатысуға шабыттандыру; қауіпсіз мінез-құлық және қауіпсіз жайлы орта құруға белсенділік таныту, іс-шараларда және жұмыс кеңістігінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, айналасына зиян келтіруі немесе ыңғайсыздық тудыруы мүмкін физикалық байланыстан аулақ болу.

Е) Өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау: Ата-ана, қоғам және Отан алдындағы міндеттерін түсіну, оларды жауапкершілікпен орындауға ұмтылу; өзінің сөздері мен іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қабылдау, өзгенің пікірін құрметтеу, туындаған қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге талпыну арқылы жүзеге асыру.

4. «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы сапалы ұлт болашағын қалыптастырудағы жекетұлғаның салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін арттыру, денешынықтыруды кеңінен насихаттау мақсатында жүргізіледі.

Жоба аясында келесідей міндеттері кезеңіне асырылады:

- Білім алушыларды дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту;
- Білім алушылар арасында бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін танымал ету, спортта дарынды балаларды анықтау.
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Денсаулықтың 6 шарты» қағидатын ұстану (таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу) ұсынылады.

5. «Өр талапты, озық ойлы ұлан» жобасы

Жоба аясында әдеби марафондар, квесттер, буккроссингтер, челленджер, буктрейлерлер мен пікірталастар, зияткерлік конкурстар өткізу арқылы білім алушыларда ақпараттық сауаттылық пен тіл мен әдебиетті тану дағдылары қалыптастырылады.

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

1 қыркүйек – Білім күні, сынып сағаттары

5 қыркүйек – А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

10 қыркүйек – Отбасы күні

24 қыркүйек – Еңбек күні

04-25 қыркүйек – «Назар аударыңыз, балалар!» акциясы

Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл

Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	ББҰ бірлесіп жұмыс жасайтын мем. орган атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	«Ата Заң – алтын дінгегім» 30 тамыз - Конституция күніне орай өткізілетін іс-шаралар («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Сыныптан тыс онлайн іс-шаралар (28-30 тамыз)	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
2	«Мектеп – мейірім мекені» 1 қыркүйек – Білім күні («Ұрпаққа аманат»)	2-4 сынып	Салтанатты жиын, сынып сағаттары	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
3	«Туған тілім – ғасырларға аманат» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар онкүндігі (04-16 қыркүйек)	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, тәлімгер
4	«Назар аударыңыз, балалар!» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Акция (04-25 қыркүйек)	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, тәлімгер
5	«Отан – отбасынан басталады» 10 қыркүйек – Отбасы күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
6	«Адал азамат – әділетті Қазақстан» адалдық сағаты («Еңбегі адал жас өрен»)	2-4 сынып	Адалдық сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
7	«Сергіту сәті» челленджі («9 айға – 9 іс-шара»)	2-4 сынып	Спорттық жаттығу (08.09.2023 ж)	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, дене шынықтыру пәні мұғалімі
8	«Еңбек – адамның көркі» Қыркүйектің соңғы жексенбісі – еңбек күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

	(«Еңбегі адал жас өрен»)					
9	«Қожа Ахмет Ясауи – кім?» Шығысмұсылмандарыныңруханитәлімгері жәнедінижетекшісі,ақын,ойшыл,ғұламаҚож аАхметЯсауидіңтуғанына 930жыл («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Танымдық сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы
10	«Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл» ҚазақәдебиетініңXXғасырдағыжарықжұлды здарыныңбірі,жазушы,драматургЖазушыО ралханБөкейдіңтуғанына 80жыл («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Ақпараттық бұрыш	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, қазақ тілі пәні мұғалімі
11	Балалардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған және балалардың қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайларда, сондай-ақ интернет желісінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша ата-аналар үшін ақпараттық материалдар (жадынамалар, буклеттер) дайындау.	2-4 сынып	Ата-аналарға жаднама	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
12	«Жас Қыран» мектепшілік ұйымының жұмысын ұйымдастыру	2-4 сынып	Жоспар	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, тәлімгер
13	«Оқуға құштар мектеп» жобасының жұмысын ұйымдастыру («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Жоспар	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы
14	«Бірге оқимыз» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Жаппай оқу	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
15	«Кел, балалар, оқылық!» балалар әдебиетінің аналогиясымен таныстыру («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Презентация	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы
16	«Менің оқырман күнделігім» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Мастер – класс	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы

1 қазан – Қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

8 қазан – Мүгедектер күні

11 қазан – Халықаралық қыздар күні

18 қазан – Рухани келісім күні

25 қазан – Республика күні

29 қазан – Қамқоршы күні

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл

Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	ББҰ бірлесіп жұмыс жасайтын мем.орган атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	«Қарттарым – асыл қазынам» 1 қазан – қарттар күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сынып сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
2	«Ұстазым менің, ұстазым!» 5 қазан – мұғалімдер күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, тәлімгер
3	«Жылылық пен мейірімділік күні» Қазанның екінші жексенбісі – мүгедектер күніне орай сынып сағаты	2-4 сынып	Сынып сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
4	«Қыздар – қызғалдақтар» 11 қазан – халықаралық қыздар күніне арналған қыздар арасындағы постер сайысы	2-4 сынып	Постер сайысы	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
5	Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жылдығына орай өткізілетін іс-шаралар («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, кітапханашы
6	Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл орай өткізілетін іс-	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, кітапханашы

	шаралар («Жеткіншектің жеті жарғысы»)					
7	Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл орай өткізілетін іс-шаралар («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, кітапханашы
8	Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл орай өткізілетін іс-шаралар («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, кітапханашы
9	Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл орай өткізілетін іс-шаралар («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, кітапханашы
10	«Рухани келісім – бірлік пен тұрақтылық кепілі» 18 қазан – рухани келісім күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, кітапханашы
11	«Әнұран айту» челленджі («9 айға – 9 іс-шара»)	2-4 сынып	Әнұран орындау (23.10.2023 ж)	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, тәлімгер
12	«Қыран елім – Қазақстан» 25 қазан – Республика күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, кітапханашы
13	«Мейірімділік пен адамдық» 29 қазан – қамқоршы күніне орай танымдық сағат («Еңбегі адал жас өрен»)	2-4 сынып	Танымдық сағат	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
14	«Ертегі елінде қонақта» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Сурет сайысы	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханашы
15	«Менің қиялымдағы кітапхана» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Идея сайысы	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханашы
16	«Қауіпсіз демалыс» күзгі демалыс уақытындағы қауіпсіздік техникасы	2-4 сынып	Нұсқаулық	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта күні

20 қараша – Дүниежүзілік бала күні

21 қараша – ЖКО құрбандары күні

23 қараша – Жалпыадамзаттық құндылықтар күні

Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	ББҰ бірлесіп жұмыс жасайтын мем.орган атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	«Асық ату» челленджі («9 айға – 9 іс-шара»)	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, дене шынықтыру пәні мұғалімі
2	Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Денсаулықтың 6 шарты» қағидаты (Ұлттық мектеп лигасы)	2-4 сынып	Ақпараттық бұрыш	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары
3	«Оян, ар мен адалдық!» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған сынып сағаты (Еңбегі адал жас өрен)	2-4 сынып	Сынып сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
4	«Ұлттық валюта – төл теңге» 15 қараша – Ұлттық валюта күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар, сынып сағаттары	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
5	«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» 20 қараша – Дүниежүзілік бала күніне орай акция	2-4 сынып	Акция, сыныптан тыс іс-шаралар	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, тәлімгер
6	«Жол тәртібін білесің бе, жолаушы?» 21 қараша – жол-көлік оқиғалары құрбандары күніне орай жағдаяттық ойын («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Жағдаяттық ойын	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
7	«Мейірімді жүрек» 23 қараша – жалпыадамзаттық құндылықтар күніне орай	2-4 сынып	«Мейірім поштасы»	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, тәлімгер
	«Құқықтық сана – қауымға пана» БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясының	2-4 сынып	Ата-аналар жиналысы	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып

	негізгі ережелері туралы лекция-әңгіме («Жеткіншектің жеті жарғысы»)					жетекшілер
8	«Г.Х.Андерсонның ертегілері» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Лэпбук жасау	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы
9	«Біз оқырман сыныппыз» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Қабырға газеті сайысы	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы

ЖЕЛТОҚСАН– «ҚАЗАҚСТАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

1 желтоқсан – Тұңғыш президент күні

9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күні

16-17 желтоқсан – Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

Жаңа жыл

Қысқы демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	ББҰ бірлесіп жұмыс жасайтын мем.орган атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	«Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджі («9 айға – 9 іс-шара»)	2-4 сынып	Шығарма (13.12.2023 жыл)	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
2	«Тәуелсіздік жұлдыздары. Ел тарихындағы маңызды сәттер» 1 желтоқсан – Тұңғыш президент күніне орай танымдық сағат («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Танымдық сағат	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
3	«Сиқырлы орманның заңдары» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған ертегі(«Еңбегі адал жас өрен»)	2-4 сынып	Ертегі оқу	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
4	«Тәуелсіздік тынысың, бүгінгі дәулетің, ертеңгі ырысың» 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай іс – шаралар («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар, сынып сағаттары	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
5	«Менің құқықтарым мен міндеттерім» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Қабырға газетін дайындау	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып

						жетекшілер
6	«Интернеттегі қауіпсіздік» нұсқаулығы («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Сынып сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
7	«Әжем айтқан ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Ертегі оқу	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы
8	«Қош келдің, Жаңа жылым!» жаңа жылдық мерекелік концерт	2-4 сынып	Меркелік концерт	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сын.жетекші
9	«Қауіпсіз демалыс» қысқы демалыс уақытындағы қауіпсіздік техникасы	2-4 сынып	Нұсқаулық	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	ББҰ бірлесіп жұмыс жасайтын мем.орган атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	«Қазақ есебі» челленджі («9 айға – 9 іс-шара»)	2-4 сынып	Зияткерлік тапсырма шешу (26.01.2024 жыл)	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
2	«Рәміздерім-айбыным» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Сынып сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
3	«Дос болайық бәріміз!» буллингтің алдын алуға бағытталған сынып сағаты	2-4 сынып	Сынып сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
4	«Үйрен жақсы әдептен. Қоғамдық орындардағы мәдениет» («Еңбегі адал жас өрен»)	2-4 сынып	Тәрбие сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
5	«Дұрыс тамақтаудың пайдасы» ойын сабағы («Ұлттық мектеп лигасы»)	2-4 сынып	Ойын сабағы	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
6	«Демалыста оқыған кітабым» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Постер жасау	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы
7	«Жаңылтпаштан жаңылма!» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Сайыс	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

15 ақпан – Кеңес одағы әскерлері Ауған жерінен шығарылған күн
Семей ядролық полигонының жабылуы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	ББҰ бірлесіп жұмыс жасайтын мем.орган атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	«Оқуға құштар мектеп» челленджи («9 айға – 9 іс-шара»)	2-4 сынып	Кітап оқу Кітап көрмесі (28.02.2024 жыл)	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
	15 ақпан – Кеңес одағы әскерлері Ауған жерінен шығарылған күнге орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар, сынып сағаттары	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
	«Үйде жалғыз қалғанда» қауіпсіздік шаралары («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Нұсқаулық	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
	Семей ядролық полигонының жабылуына орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар, сынып сағаттары	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
	«Мен – сауатты интернет қолданушысымын» кибербуллингтің алдын алуға бағытталған, интернеттегі қауіпсіздік пен мәдениет сағаты	2-4 сынып	Сынып сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
	«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» («Ұлттық мектеп лигасы»)	2-4 сынып	Тәрбие сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
	«Жол.Бағдаршам.Жолаушы» жағдаяттық ойыны («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Жағдаяттық ойын	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
	«Менің сыйлығым – кітап» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Кітап сыйлау акциясы	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы
	«Кітап оқудың пайдасы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Дөңгелек үстел	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні, Азаматтық қорғаныс күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

22 наурыз – Әз-Наурыз мейрамы

Көктемгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	ББҰ бірлесіп жұмыс жасайтын мем.орган атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	«Домбырашылар» челленджі («9 айға – 9 іс-шара»)	2-4 сынып	Күй тыңдау (17.03.2024 жыл)	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, тәлімгер
2	«Алғыс айту-асыл қасиет» 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
3	«Мен және азаматтық қорғаныс» 1 наурыз – Азаматтық қорғаныс күніне орай ақпараттық бұрыш (Еңбегі адал жас өрен)	2-4 сынып	Ақпараттық бұрыш	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары
4	«Асылым, Анам, Ардақтым!» 8 наурыз – әйелдер күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
5	«Қош келдің, Әз-Наурыз!» Наурыз мейрамына орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
6	Гендерлік тәрбие бағытындағы «Қыздар мен ұлдар достығы» сынып сағаты	2-4 сынып	Сынып сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
7	«Әлемді бағындырған жерлесіміз» еліміздің спорт жұлдыздары	2-4 сынып	Ақпараттық сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
8	«Менің сүйікті өлеңім» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Мәнерлеп оқу сайысы	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы
9	«Ең үздік қойылым» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Ертегі қойылым сайысы	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы
10	«Қауіпсіз демалыс» көктемгі демалыс уақытындағы қауіпсіздік техникасы	2-4 сынып	Нұсқаулық	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

СӘУІР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

1 сәуір – Құстар күні

12 сәуір – Авиация және космонавтика күні, Ғылым күні

22 сәуір – Жер күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	ББҰ бірлесіп жұмыс жасайтын мем.орган атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	«Шахмат ойыны» челленджі («9 айға – 9 іс-шара»)	2-4 сынып	Шахмат ойыны (12.04.2024 жыл)	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, дене шынықтыру пәні мұғалім
2	«Құстар – біздің досымыз» 1 сәуір – құстар күніне орай сурет сайысы	2-4 сынып	Сурет сайысы	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
3	«Ғарышкерлер күні» 12сәуір – Авиация және космонавтика күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
4	«Еліміздің атақты ғалымдары» 12 сәуір – Ғылым күніне арналған ақпараттық сағат	2-4 сынып	Ақпараттық сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
5	«Жасыл мекен» 22 сәуір – Жер күніне орай өткізілетін іс-шаралар(Ұрпаққа аманат)	2-4 сынып	Акция, сыныптан тыс іс-шаралар, сынып сағаттары	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
6	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» кітап оқудың маңызы туралы сынып сағаты (Өр талапты, озық ойлы ұлан)	2-4 сынып	Сынып сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
7	«Жас Қазақстандықтың құқықтары» ақпараттық бұрышын безендіру («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2-4 сынып	Ақпараттық бұрыш	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
8	«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Бейнежазбалар жазу	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы
9	«Менің сүйікті кітабым» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Постер сайысы	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы

МАМЫР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

9 мамыр – Жеңіс күні

12 мамыр – Аналар күні

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні

25 мамыр – Соңғы қоңырау

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарының күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	ББҰ бірлесіп жұмыс жасайтын мем.орган атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	«Жасыл мекен» челленджі («9 айға – 9 іс-шара»)	2-4 сынып	Көшет отырғызу (12.05.2024 жыл)	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, тәлімгер
2	«Бірлігі жарасқан Қазақстан!» 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар, сынып сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
3	«Жас ұландар – мақтанышы елімнің!» 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар, сынып сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
4	«Жеңіс деген – шат күлкісі баланың!» 9 мамыр – Жеңіс күніне орай өткізілетін іс-шаралар	2-4 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар, сынып сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
5	«Ананың ыстық алақаны» 12 мамыр – Аналар күніне орай фотоколлаж көрмесі	2-4 сынып	Фотоколлаж көрмесі	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
6	«Отбасыммен денсаулықfest» 15 мамыр – Отбасы күніне орай флэшмоб («Ұлттық мектеп лигасы»)	2-4 сынып	Флэшмоб	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
7	«Алашымның арыстары!» 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарының күніне орай сынып сағаты	2-4 сынып	Сынып сағаты	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
8	«Жыл бойы менің оқығаным» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Таныстырылым	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы
9	«Мен жазда ... оқимын» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2-4 сынып	Оқырман трекерін дайындау	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, кітапханшы
10	«Қауіпсіз жаз»	2-4 сынып	Ата-аналар	Ақпарат,		Директордың ТІ жөніндегі

	Балаға білуге және күнделікті өмірде қолдануға үйретуге қажетті негізгі ережелер: өрт қауіпсіздігі, жол жүру ережелері, өзен-суға қатысты қауіпсіздік, гигиена, табиғат аясында өзін ұстай білу, салауатты өмір салты		жиналысы	публикация		орынбасары, сынып жетекшілер
11	«Қауіпсіз демалыс» жазғыс демалыс уақытындағы қауіпсіздік техникасы	2-4 сынып	Нұсқаулық	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
12	«Сыңғырла, соңғы қоңырау!» салтанатты жиыны	2-4 сынып	Салтанатты жиын	Ақпарат, публикация		Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер